



IELTS 9.0 МҮМКІН ЕМЕС МЕЖЕ ЖОҚ

Сая Қыдырәлі – әлемдік білім аренасында жұлдызы жанған жаңа есім. 17 жастағы бойжеткен халықаралық IELTS емтиханынан ең жоғары 9.0 ұпай жинап, рекорд жаңартты. Миллиондаған үміткердің арасынан үздік атану, әрине, білім, табандылық пен қажырлы еңбектің нәтижесі. Статистика бойынша, бұл межеге емтихан тапсырушылардың небәрі 0,5%-ы ғана жете алады екен.

8-бетте

МИКРОҚАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМДАР:

ҚОЛДАУ МА, ӘЛДЕ «ТҰЗАҚ» ПА?

«Жақын деп тартқан адамға сеніп, микроқаржыдан ақша алып едім, жақыным үн-түңсіз жоғалып кетті. Ал менің өмірім бір сәтте күрт өзгерді. Тіпті оқудан да шықтым».

«Бір рет аламын деп бірнеше рет алып, үш жыл бойы қарыздан көз ашпай келемін».

«Досыма сендім. Қазір дос та жоқ, ақша да жоқ. Ата-анаға қарауға бет те жоқ».

Бұл жазбалар микроқаржы ұйымдарының жетегінде кеткен, тағдырдың сынағына ұшыраған жандардың бізбен тілдескенде айтқан сөзі. Шытырманға толы оқиғаларды сәлден соң толығырақ тарқатамыз. Ең алдымен микроқаржы деген не? Неліктен жас пен жасамысы да тиын аламын деп тыныштықтарын айырылды?

Микроқаржы – бұл экономиканың әрбір мүшесіне қаржылық қолжетімділікті қамтамасыз ететін қаржы секторының маңызды бөлігі. Ол әсіресе, шағын кәсіпкерлікті дамытуға, жеке тұлғалардың қаржылық жағдайын тұрақтандыруға және әлеуметтік теңсіздікті азайтуға бағытталған. Олардың банктерден айырмашылығы, қарапайым азаматтар мен кішігірім бизнес өкілдеріне минималды құжаттармен, оңай және жылдам қаржылық қолдау көрсетеді. Бұл сектор қаржылық ресурстарға қолы жетпей жүрген адамдарға жаңа мүмкіндіктер ашады. Алайда микроқаржы саласында белгілі бір тәуекелдер де бар. Мысалы, жоғары пайыздық мөлшерлемелер, қаржылық сауаттылықтың жеткіліксіздігі немесе неснені қайтара алмау жағдайлары. Сондықтан бұл салада тұтынушылардың құқықтарын қорғау және қаржылық білім беру шаралары маңызды.

Бүгінде қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми мәліметі

бойынша, елімізде 924 микроқаржы ұйымы жұмыс істеп тұр. Бұл көрсеткіш 21 екінші деңгейлі банк пен 2 ипотекалық ұйыммен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Бірақ осы микроқаржы ұйымдарының көптігі мен қолжетімділігі халыққа шынайы көмек пе, әлде «қаржы тұзағы» ма?

Ұлттық банктің дерегіне сүйенсек, 2023 жылдың 1 сәуірінде 7,9 миллион қазақстандық тұтынушылық несие алған. Бұл – халықтың шамамен 40 пайызы. Алайда бұл көрсеткіш азаймады. Былтырғы жылдың 1 қаңтарында банктер мен қаржы ұйымдарына қарыз адамдар саны 8,5 миллионға жеткен. Ал жалпы қарыз көлемі 19 триллион теңгеге дейін артқан. Бұл сандар Қазақстан халқының жартысынан көбі несиелік міндеттемелердің қарсауында екенін айғақтайды.

4-бетте



Коллаж «АЖ»

ТЕМІР ЖОЛ

өмір жолы

Теміржол – қозғалыс, дәлдік пен жауапкершілік үйлескен сала. Себебі мыңдаған шақырымды еңсеріп, жолаушылар мен жүктерді межелі жерге сау жеткізу басты міндет. Ал бұл ретте машинистердің рөлі зор. Жуырда теміржол арқылы жүк тасымалдайтын «DAR Rail» компаниясында қызмет ететін еңбек адамдарының жұмысымен таныстып қайттық.

«ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ОТБАСЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛДІМ»

«Жұмысшы мамандықтар – теміржол саласының негізі» деген ұранды ұстанатын мекеме басшылығы еңбек адамын насихаттауды, цифрлық технологияларды енгізуді және қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша да бірнеше бастамаларды қолға алуда. Себебі еңбек адамының жұмысы елену қажет деп санайды. Мекеменің бас директоры Ринат Дюсенов те бұл салаға кеше келмеген. Оның айтуынша, мектепте оқып жүргенде-ақ локомотив бригадаларының жұмысын түсініп, техникалық пайдалану ережелерімен таныс болған.

5-бетте



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ:

ӘЙЕЛДЕР ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИСТИКА

Мистика жанры – әдебиет әлеміндегі ерекше бағыт. Онда түсініксіз, табиғаттан тыс құбылыстар, тылсым күштер, жұмбақ оқиғалар бейнеленеді. Бұл жанр адамның ақыл-ойымен түсіндіру қиынға соғатын құбылыстарды, көрінбейтін әлемнің әсерін, белгісіз күштердің ықпалын сипаттайды. Мұндағы тылсым атмосфера оқырманға үрей мен құпияға толы түрлі сезім сыйлайтын оқиғаларға бағытталған.

Бала күнімізде оқыған сан түрлі қиял-ғажайып ертегілердің жағымсыз кейіпкерлері әлі күнге жадымыздан өшпейтіні рас. Мәселен, «Алтын сақа» ертегісінде баланы тұзағына түсірмекке айла тауып, «отырсаң тұра алмаймын, тұрсаң отыра алмаймын» деп келетін жалмауыз кемпірдің бұл сөзі әрбір қазақ

баласының есінде болар. Ал жезтырнақ мифтік бейнесі «Аламан мен Жоламан» ертегісінде, «Алпамыс батыр» эпосы мен «Өтеген батыр» дастаны секілді көптеген батырлар жырында кездеседі. Міне, мистика қазақтың сонау ауыз әдебиетінен бастау алатынының айқын дәлелі.

7-бетте

ЖАСӨСПІРІМДЕР НЕГЕ ҚЫЛМЫС ЖАСАЙДЫ?

Жұдырығын ала жүрген жасөспірімдердің арасындағы озбырлықтың көбеюі қоғамды алаңдатырлық мәселеге айналды. Мұндай жағдайлардың кейбірі ауыр қылмысқа, тіпті өлімге әкеліп соққан кездердің де куәгері болып жүрміз. Әсіресе кейінгі жылдары көпелетке толмағандар арасындағы топтық төбелес пен олардың салдарынан болған қайғылы оқиғалар жаға ұстатарлық көрініс алды. Мақаламызда аталған құқық бұзушылық туралы, оның жазасы мен ата-ана жауапкершілігіне кеңінен тоқталамыз.

ҚЫЛМЫСҚА НЕ СЕБЕП?

Көптеген ата-ана үшін бұл күтпеген жағдай болғанымен, кейбірі баласымен тығыз байланыс орната алмағандығынан, не болмаса оның тәрбиесіне немқұрайлық танытқандықтан, істің қалай насылға шапқанын аңғармай да қалады. Жасөспірімдердің мұндай теріс әрекеттерге бой алдыруының себептері тереңде. Бұл туралы психолог Қарлығаш Қойшыбаева түсіндіріп берді.

3-бетте

ШАРУАСЫ ШЫҢДАЛҒАН ШАҒАР

Былыр Сыр елінде атқарылған игілікті істер мен нәтижелі жұмыстардың легі аз болмады. Тіпті қол жеткізген табыстары, жасампаз істері және жарқын жетістіктерімен өңірлер арасында көш бастында десек артық емес. Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы және алдағы міндеттер туралы қала әкімі Нұржан Ахатов өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында баяндап берді.

– Жуырда Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өңірде жүзеге асқан маңызды жобаларды ерекше атап өтіп, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі мен аймақтың дамуына оң бағасын берді. Мұның барлығы, әрине, ел Президентінің, Үкіметтің тұрақты қолдауының нәтижесі, аймақ басшысының ұтымды үйлестіруінің, жерлестеріміздің ауызбіршілігінің жемісі, – деп сөз бастаған шаһар басшысы дамудың даңғыл жолына түскен облыстық бюджетіне де тоқталды.

Зер салсақ, қаржы 750 млрд теңгеден асқан. Ал осыдан екі жарым жыл бұрын аймақ бюджеті 364 млрд теңге болған екен. Өсім бар ма? Әрине, осыншама уақыт ішінде өңірді өрістетуге кеткен қаржының өскені қуантарлық жаңалық.

– 2024 жылдың басында 58,2 млрд теңгемен бекіген қала бюджеті жыл соңында 112,7 млрд теңгеге жеткен. Көрсеткіш 193,6%-ды құрады. Оның ішінде қаланың түсімдері 119 млрд 534 млн теңгеге орындалып, 106,1%-ға ұлғайды. Яғни, өз кірісіміз 37 млрд 892 млн теңге немесе 124,5%-ға артығымен орындалған.

Бұл қаржылар өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталды. Өткен жылы аймақ басшысының тегеурінді талабы мен тың бастамаларының нәтижесінде барлық салада өсім қалыптасты.

Аймақтың негізгі капиталына 640 млрд теңге инвестиция тартылып, өсім 21,7%-ды құрады. Құрылыс жұмыстарының көлемі республикалық орта көрсеткіштен 41%-ға жоғарылады, – деді қала әкімі.

Оқу-білім – үздіксіз дамуды талап етеді. Оған дұрыс көңіл бөліп, қажеттіліктерін қамтамасыз ету маңызды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Сырдарияның сол жағалауынан 900 және Ақмаржан ықшам ауданынан 300 орындық екі мектеп пайдалануға берілді. Алдағы уақытта да білім ұялары шаһарда көптеп бой көтереді.

– Елімізде алғашқылардың бірі болып есігін айқара ашқан білім ұялары балаларымызға теңдессіз тарту болды. Биыл дәл осындай заманауи тағы үш мектептің құрылысы аяқталып, игілікке табыс-талады. Аймақ басшысының темірдей талабымен үш ауысымдық мектептер мәселесінің толық шешімін тапқанын білесіздер. Бұған дейін 4 білім ұясының жанынан қосымша ғимараттар салынды. Ескі мектептер күрделі жөндеуден өтіп, қайта түлеуде. Осының барлығы білімге салынған инвестиция – болашақ негізі екенін ашық айтуымыз қажет. Мұндай ширақ шаруалардан бөлек, аймақ басшысының үйлестіруімен, «КазГермұнай» компаниясының де-меушілігімен заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді. Жарқын жобалар қатарын дарынды балаларға арналған



300 орындық жатақханасы бар, 400 орындық физика-математика мектеп-интернаты толықтырады. «Саутс Ойл» компаниясының де-меушілігімен салынып жатқан музыкалық колледж де биыл ашылады. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясының» құрылысы да биыл аяқталатын болады, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Елді мекендерді көгілдір отынмен қамтамасыз ету – маңызды міндеттердің бірі. Газдандыру тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, тұрмыс-тіршілігін жақсартуға оң әсерін тигізетіні белгілі. Өткен жылы Қызылорда қаласына іргелес Ақжарма ауылдық округі көгілдір отынға қосылды.

– Халық игілігі жолындағы шаруаларымыздың бірі – елді мекендерді толық газ желісімен қамту. Өткен жылы қалаға іргелес жатқан Ақжарма ауылдық округі көгілдір отынға қосылып, тұрғындардың көптен бергі талап-тілегі орындалды. Бүгінде Сабалақ саяжайын және қалада «көгілдір отын» желісі жүргізілмей калып қойған шағын аудандарды газдандыру ісі жалғасуда. Ендігі кезекте Қызылорда ауылдық округі мен Бірқазан елді-мекенін көгілдір отынмен қамту негізгі жоспарға енгізіледі. Осы тұста айта кеткеніміз жөн, биыл шаһарымыздың Бас жоспары қайта бекітіледі. Жаңа Бас жоспар қала жанындағы саяжайларды қамтиды. Басты құжатқа сүйене отырып, біз Эдельвейс, Еңбек, Орбита секілді саяжайларға да газ желісін жүргізуді жоспарлап отырмыз, – деді шаһар басшысы.

Қызылордада халық демалатын, әсіресе жаздың аптабында саялайтын орындарды абаттандыру, саябақтар мен сквер-аллеяларды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Тұрғындар балаларын ертіп баратын, алаңсыз демалатын, үлкен-кішіге бірдей ыңғайлы, қауіпсіз саябақтар, парктер көп әрі қолжетімді болуы үшін жобалар әзірленіп, тиісті жұмыстар жасалуда.

– Қазір қалалық мәдени және демалыс паркі қайта жаңғыртылуда. Кеше ғана Тұңыш Президент, Денсаулық саябақтарына да жаңғырту жұмыстары бастадық. Бұл аумақтарда күрделі жұмыстар жүргізіліп, соңғы үлгідегі аттракциондар қойылады. Су бұрқақтары, амфитеатр, жаяу жүргіншілер мен веложол салынып, балаларға арналған ойын және спорт алаңдары ашылады. Маңызды жобаларымызда Батырхан Шөкенов атындағы саябағы мен Қорқыт Ата мемориалы аллесаы бар. Осы аумақтар да биыл абаттандырылып, жаңа кейіпке енеді, – деді Н.Сәбитұлы.

Қызылорда қаласында жол инфрақұрылымын дамыту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Биыл елордадан Қызылордаға кіреберіс бағыттағы Сағымбаев көшесі толықтай жаңғыртылады.

– Жоспарымыздағы тағы бір жоба – Сырдария жағалауының бойынан Ескі базар мен Мерей м/а аралығына жаңа жол салу. Оған байланысты қажетті құжаттары әзірленуде. Жуырда аспалы көпір аталып кеткен Шиелі бағытындағы автомобиль көпіріне қайта жаңғырту жұмыстарын бастаймыз. Жолдардың аясы кеңігесін, көлік кептелістерінің азаятыны белгілі. Дегенмен жыл сайын қаламызда автокөліктердің саны артып келеді. Жыл қорытындысындағы мәлімет бойынша, облыс орталығына тіркелген көліктердің саны 88 мыңнан асқан. Бұл санның әлі де артатындығы анық. Осының барлығы ескеріле, облыс әкімінің үйлестіруімен темір жол асты автокөлік өткелін салу жобасы қолға алынды. Бүгінде Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін темір жол асты автожолы, қала мен Тасбөгет кентін байланыстыратын Қызылжарма каналының үстінен өтетін автожол көпірінің құрылыстары жүргізілуде, – деді қала әкімі.

Бұған дейін қаладағы қоғамдық көлік мәселесі де қаузылып келген. Бірақ Нұржан Ахатов түйткіл толық шешім тапқанын айтып отыр.

– Бұған дейін алынған заманауи үлгідегі 300 жаңа автобус, бекітілген бағыттары бойынша тұрғындарымызға сапалы қызмет көрсетуде. Осындай игілікті істің жалғасы ретінде аймақ басшысының қолдауымен қаламызға 100 экотакси келді. Бұл көліктер қызылордалықтардың сұранысын қанағаттандыруда, – деді ол.

Сонымен қатар шаһар басшысы коммуналдық қызметтердің іркіліссіз жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасалуы қажет екенін тілге тиек етті.

– Өткен жылы облыс әкімінің қолдауымен «Су жүйесі» (8 техника), «Қызылорда Тазалығы» (31 техника) және «Жасыл Қызылорда» (26 техника) мекемелеріне 65 арнайы техника алынып, материалдық-техникалық базалары нығайтылды. «Қызылорда тазалығы» алынған техникалардың күшімен уақыттың қай мезетіне де қарамастан күш жұмылдырып, тазалықты ретке келтіруде.

Өткен жылы құрылған «Жасыл Қызылорда» мекемесі болса, биылғы көктемгі аяқ су беру науқанына дайын. Жұмысшылар күнделікті каналдар мен арық жүйелерін тазалап, ескі су жолдарын аршуда. Мекеме 1-ші наурызда аяқ су жеткізетін 23 жер асты су ұңғымасы мен сорғыларды іске қосатын болады.

Оның үстіне жерді көңмен құнарландырып, көшет егуге дайындауда. Күн жылыған соң, бұған дейін егілген тал көшеттерін топырағымен көшіріп егу пилоттық жобасын бастайды. Нәтижесі оң болса, бұл тәсілді жаппай қолданысқа енгіземіз, – деді қала әкімі Нұржан Ахатов.

А.БАҚЫТҰЛЫ

ЖАСТАР

жаңалықтары



АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында жұмысшы мамандықтарды дәрiпттей отырып қоғамда еңбеккер және нағыз маман болып қалыптасу идеясын насихаттау мақсатында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады.

Осыған орай И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінде жұмыссыз азаматтар, оқу орындарын бітіруші түлектерге арналған «Адал еңбек – адал табыс» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі және мектеп бітіруші түлектерге арналған ашық есік күні өтті.

Аталған іс-шараға Қызылорда қаласы бойынша 1200-ге жуық азамат қатысып, 22 жұмыс берушілерден жұмыс іздеушілерге 200-ге жуық бос жұмыс орындары ұсынылды. Шара барсында 52 азамат бос жұмыс орындарына орналастырылса, 240 қатысушыға жұмыс берушілер тарапынан жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыру, аймақтағы жұмыссыз азаматтарды қолдау бағытында кеңес берілді.

МАРЖАН СӨЗ, ҚОҢЫР ҮН...

Аудандық мәдениет үйінде «Маржан сөз, қоңыр үн» атты концерт жүргізушілер байқауы өтті. Байқауға аудандық мектептер мен ауылдық клуб кәсіпорындарынан 15 талапкер қатысып, олардың сөйлеу мәдениеті, көркем мәтінде оқу шеберлігі, дауыс ырғағы, сахнаға шығуы, жарасымды қимыл-қозғалысы бағаланды.

Байқау қортындысы бойынша бас жүлдені З.Шүкiрoв атындағы қалалық мәдениет үйінен Нұрсайын Әбдіғаниев именсе, жүлделі І орынды Ақбасты ауылының өнерпазы Қуаныш Ришатұлы, ІІ орынды Жiнiшкeкұм ауылының тумасы Айым Тұрғанбаева қанжығасына байлады. Ал ІІІ орынға Сексеуіл кентінің өнерпазы Зилола Махмудова мен Аралқұм ауылынан Гүлбақыт Сәрсенбай лайық деп танылды. Сондай-ақ барлық қатысушы талапкерлер алғыс хатпен марапатталды.

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМӨҢКЕСІ

2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялануына орай аудан әкімі орынбасары Ж.Алиевтің қатысуымен Қазалы аудандық көлік-техникалық колледжінде бос жұмыс орындары жәрмеңкесі мен ашық есік күні өтті.

Аталған шараға аграрлық-техникалық колледжі, аудандық прокуратура, Қазалы ауданының білім бөлімі және аудандағы жұмыс берушілер өкілдері қатысып, жұмыссыздарға және студенттерге кеңестер мен түсіндірмелер берілді. Жәрмеңкеде 48 жұмыс берушіден 96 бос жұмыс орыны ұсынылды.

TALQYLAU

Ауданында жақында ғана пайдалануға берілген Руханият орталығында орналасқан Қармақшы Ауданы Жастар Орталығы базасында Қызылорда облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Ә.Басаровпен ауданға қарасты барлық кент және ауылдық округтердегі жастар ісі жөніндегі мамандарымен «Talqylau» кездесуі өтті.

Жалпы тақырып – НЕЕТ санатындағы жастармен жұмыс, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мәселелер және алдағы уақытта аудан көлемінде креативті жобаларды жүзеге асыру тақырыбы талқыланды.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Мемлекет басшысы жариялаған жолдауына орай ауданның «Мансап орталығы» филиалының ұйымдастыруымен Жалағаш индустриалды аграрлық колледжінде «жұмысшы» азаматтар үшін бос жұмыс орындары жәрмеңкесі һәм ашық есік күні өтті.

Жалағаш индустриалды аграрлық колледжінің «аспазшы», «электрик» «электромонтер» мамандықтары бойынша колледжінің бітіруші түлектерімен кездесу өткізіп, 54 түлекке кеңес берілді.

Жәрмеңкеге 14 жұмыс берушіден 57 бос жұмыс орны жарияланды. Нәтижесінде «Жұмыс іздеуші» ретінде 24 адам тіркеліп, «Күміс жас» жобасымен 1, жастар практикасымен 2, қоғамдық жұмысқа 17, ал тұрақты жұмысқа 4 адам орналастырылды. Атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы 2 адамға, қайтарымсыз мемлекеттік грант жөнінде 6 адамға кеңес берілді.

Сонымен қатар кәсіптік оқыту және қайта даярлау курсы жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі, діни экстремизм және терроризмнің алдын алу бойынша «Дәстүрдің қазақ қоғамындағы маңыздылығы», «Әлеуметтік желідегі діни радикалды ақпараттардан сақтану» тақырыбында кездесу өтті.

Кездесуге Сырдария аудандық пробацция қызметінің аға инспекторы, әділет аға инспекторы Әлихан Аппазов пен орталық кеңесшісі Мұхамед Сейілханов қатысты.

Жыны барысында қазіргі қоғамдағы әлеуметтік желідегі радикалды ағымдардың теріс бағыттағы ақпараттарын сақтандыру және атадан балаға мирас болған сайт-дәстүрдің мәнімен мағынасын, дәстүрдің келешек ұрпаққа беретін тәрбиесі жеткізілді.

«ЗАҢ КЕРУЕНІ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Қызылорда облыстық прокуратурасының бастамасымен Шиелі ауданында «Заң керуені» акциясы өтті.

Алдымен Шиелі аудандық «Руханият» орталығында аудан әкімі Айтбай Жандарбеков және облыс прокурорының бірінші орынбасары Исламбек Төлегенов аудан тұрғындарымен кездесті.

Кездесуде аудан басшысы Заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытында қадағалаушы орган өкілдері тарапынан көптеген жұмыс жүргізіліп жатқанын айтып, алдағы уақытта да қылмыспен күрес жүргізу мақсатында кешенді жұмыстар іске асыралатынын атап өтті.

Өз кезегінде облыс прокурорының бірінші орынбасары Исламбек Төлегенов «Заң керуені» акциясы туралы кеңінен мағлұмат беріп, көтерілген мәселелерді шешуге облыстық прокуратура тарапынан нақты шаралар қабылданатынын жеткізді.

Акцияның басты мақсаты – тұрғындарға заң талаптарын, әлеуметтік кепілдіктерін кенінен насихаттау, күрделі әлеуметтік мәселелерді шешу, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдау және оны іске асыру болып табылады.

Сонымен қатар облыс прокурорының бірінші орынбасары Исламбек Төлегенов тұрғындарда туындаған сұрақтарға байланысты жеке қабылдау өткізді.

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ДЕБАТТЫҚ ОЙЫН

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «ЭкоЖастар: Болашақ біздің қолымызда» тақырыбымен №289 орта мектебінде іс-шара ұйымдастырылды.

«Үкімет-ЖасСтар» және «Оппозиция-Дат» топтарының арасында өткен дебат ойынында жақ спикерлер өңір экологиясын сақтау, ауданды таза ұстау үшін әрбір азаматтың жауапкершілігі, міндеті жайлы ойлары ортаға салды.

Пікірталасқа №289 орта мектебінің ең белсенді жастары мен мектеп ұжымы қатысты. Олар жыл бойы жүздеген экологиялық акцияға белсене атсалысып келеді. Аталған іс-шараның басты мақсаты – жастардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру, туған өлке табиғатын аялау, экологиялық мәдениетті дәрiптeу.

«АЖ» ақпарат

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАЛЫ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАЛАҒАШ

СЫРДАРΙΑ

ШИЕЛІ

ЖАҢАҚОРҒАН

ЖАСӨСПІРІМДЕР НЕГЕ ҚЫЛМЫС ЖАСАЙДЫ?



төбелес тіркеліп үлгерді. Бұл оқиға қоғамның балалар бұзақылығына бейжай қарамауына тағы да бір себеп болып отыр.

– Жасөспірімдердің қылмысқа баруы – олардың болашағына үлкен көлеңке түсіретін қайғылы құбылыс. Бір ғана қателік, бір сәттік ашу немесе ойланбай жасалған әрекет бүкіл өміріне әсер етуі мүмкін. Қылмыс жасаған жасөспірімдер заң алдында жауап беріп қана қоймай, психологиялық күйзеліске ұшырайды, қоғамнан шеттетіліп, өзіне деген сенімін жоғалтады. Сот шешімі олардың әрі қарайғы өмір жолын түбегейлі өзгертіп жіберуі мүмкін: кейбірі түзелуге тырысса, енді бірі керісінше, өмірден түніліп, теріс жолға түсуі мүмкін. Сондықтан ата-аналар балаларының тәрбиесіне жіті назар аударып, олардың ортасы мен қызығушылықтарын қадағалауға міндетті, – дейді Қызылорда облыстық көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы Дәурен Тайырұлы.

Мамандар атап өткендей, бұл тұрғыда ата-ананың жауапкершілігі ерекше. Баланың кіммен араласатынына, қандай ақпарат тұтынатынына, немен айналысатынына бей-жай қарауға болмайды. Бала – үйде, ал қылығы түзде болуы мүмкін. «Өзі жоқтың – көзі жоқ» демекші, әкешінің немқұрайлылығы «пайдаланатын» балалар да бар. Алкогольді сусындар мен заңмен тыйым салынған вейп секілді электронды темекі тұтынып жүрген балаларды көзбен көріп те жүрміз. Алайда «қой» деп тоқтау салатын ересекті байқамаймыз.

Өздеріне тиесілі емес ауданның басшысыма аяқ атанып, территориясына ағ басқан «бөтендерді», амандаспай өткен, шылымға сіріңке ұсынбаған жастарды сыйғызбай жүрген жасөспірімдердің қозғалысына да тоқтау болмай тұр.

Қазір XXI ғасыр болса да, қару кезеңі, әлі де сотқарлық танытып, өткеннің лебін жалғастырып жүрген «райондықтар» көп қылмыстың себепкері.

Жасөспірімдер кейде білместікпен немесе айналасындағы ортаның ықпалымен заңға қайшы әрекеттерге баруы мүмкін. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін отбасында ашық қарым-қатынас орнату, балаға сенім арту және оның проблемаларына уақытылы көңіл бөлу маңызды. Балаларды адамгершілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу – тек отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір жасөспірім өз болашағын ойлап, заңды құрметтеп, қылмыстан аулақ болуға ұмтылуы қажет.

ҚЫЛМЫС – ӨКІНІШКЕ ТОЛЫ ӨМІРЛІК ТАҢБА

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс тек отбасылық және әлеуметтік мәселелерден туындамайды. Мектептегі буллинг, яғни бір-бірін қорқытып, мазақ ету, сыныптағы бедел үшін күрес, әлеуметтік мәртебеге қол жеткізуге деген ұмтылыс – мұның бәрі жасөспірімдердің қылмысқа баруына себеп болуы мүмкін. Қылмыстық іске баратындардың көбі әлеуметтік осал отбасыдан шыққан жасөспірімдер. Мұндай оқиғалардың алдын алу үшін оқу ошағындағы психолог мамандар мен ұстаздардың рөлі өте маңызды. Олар оқушылармен тығыз байланыста болып, олардың ішкі жан дүниесін түсінуге тырысуы қажет.

Қылмыс тек топтық төбелеспен шектелмейді. Бұл ұғымның аясына көптеген заңға қайшы әрекет кіреді. Мәселен, түнгі уақытта ата-ананың қарауынсыз көшеде жүру, қоғамдық орында балағат сөздер айту, әлсіздерге әлімжеттік көрсету, ұрлық жасау, азғындық әрекетке жол беру және денсаулыққа қасақана зиян келтіру – мұның бәрі жасөспірімдер

тарапынан жиі кездесетін қылмыстар. Сонымен қатар 16 жасқа толмай жыныстық қатынасқа түсу де қылмыстық жауапкершілікке әкеледі.

Балаға бұрыс жолдың қандай екенін көрсете отырып, оған қатысты заңның да қаншалықты қатаң екендігін түсіндіре білуіміз керек. ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес, қылмыстық жауапкершілік 16 жас, алайда кейбір ауыр қылмыс үшін, мәселен, кісі өлтіру, зорлау, ұрлық, тонау, бұзақылық, бопсалау және денсаулыққа ауыр зиян келтіру секілді қылмыстар үшін жауапкершілік 14 жастан бастап тағайындалады.

Ата-ана да баласының заңға қайшы әрекеті үшін белгілі бір айлық көрсеткіш есебінде айыппұл аркалап, қылмыстың дәрежесіне қарай жауапкершілікке тартылады. Қылмыстық жауапкершілікке тартылу жасөспірімнің алдағы өміріне де әсер етеді.

Бұрыс өмірдің алдын алу үшін жоғарыда атап өткеніміздей, баланың дұрыс бағытта дамып келе жатқандығына көз жеткізуіміз керек. Оның қабілеттерін арттырып, бейімділігіне байланысты дамуына мүмкіндік жасасақ, өмірлік таңба болатын жат қылықтардан сақтап қалуға болады.

Қорытындылай келе, жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен озбырлықтың алдын алу – тек отбасының ғана емес, мектеп пен қоғамның да бірлескен жауапкершілігі. Баланың бойындағы адамгершілік пен жауапкершілік қасиеттерін нығайту, сенімді қарым-қатынас орнату арқылы ғана оның қателіктерден аулақ болуына жағдай жасауға болады. Әрбір бала өз өмірін дұрыс бағытта құру үшін қоғам мен отбасынан жеткілікті қолдау алып, өзінің болашағына жауапкершілікпен қарауы керек.

Нұршат НЫШАНОВА

– Жасөспірім шақ – адамның өзіндік «менің» табу жолындағы күрделі әрі маңызды өтпелі кезеңі. Бұл шақта жасөспірім өмірлік құндылықтарды айқындап, жақсылық пен жамандық, адамгершілік пен әділетсіздік арасындағы өз орнын іздейді. Дәл осы уақытта олар рухани және моральдық ұстанымдарын қалыптастырып, ішкі жан дүниесінің кеңістігін анықтайды. Неміс философы әрі психологы Э.Шпрингер бұл кезеңді егжей-тегжейлі зерттеп, қыз балалар үшін 13-19 жас, ал ұл балалар үшін 14-21 жас аралығында өтетінін көрсеткен. Ол жасөспірім шақтағы дағдарысты тәуелділік пен еркіндік арасындағы күрес ретінде сипаттаған. Жасөспірімдер ақыл-ой мен жан дүниесінің шарықтауынан күйзелісіне дейінгі түрлі эмоциялық жағдайларды бастан кешіп, өз жолын табуға тырысады. Бұл кезеңде олардың отбасыдан, қоршаған ортадан және қоғамнан алатын тәрбиесі мен қолдауы өте маңызды рөл атқарады.

Қазір балалардың 80%-ы ұялы телефон мен компьютерге тәуелді болып, шынайы өмір мен виртуалды әлемді шатастыруда. Ғаламтордағы түрлі мазмұндағы ойындыр мен фильмдер, әлеуметтік желілердің әсері жасөспірім психологиясын бұзып, олардың дұрыс таңдау жасау қабілетіне кері ықпалын тигізіп жатқандығы жасырын емес. Жасөспірім сунцид, қылмыс, агрессия сынды қауіпті әрекеттерді кейде

анғалдықпен, кейде еліктеушілікпен жасауы мүмкін. Сондықтан ата-ана баласының интернет кеңістігіндегі белсенділігін қадағалап, қандай контент тұтынатынын бақылауы тиіс.

Сонымен қатар отбасындағы қарым-қатынас та аса маңызды. Бала ең алдымен жақсы мен жаманды ата-анасынан көріп, бойына сіңіреді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету, эмоцияны ақылға бағындыру секілді қасиеттерді қалыптастыру арқылы ғана жасөспірімнің өмірге деген көзқарасын дұрыс бағыттауға болады. Бастысы, кез келген дүниені баланың психологиясын түсіне отырып, саналы түрде жеткізуге тырысу қажет, – дейді психолог маман.

ӨНІРДЕГІ АНТИ КӨРСЕТКІШ

Өңірдегі жасөспірімдер мен көмелетке толмағандардың қылмыс статистикасына мән берсек, өткен жылы 2023 жылға қарағанда бұзақылық көбірек орын алған. Нақтыласақ, 2023 жылдың 12 айында 70 адамға қатысты 49 іс қозғалса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 87 адамға қатысты 66 қылмыстық іске дейін артқан. Яғни, былтыр қылмыстық әрекет 2023 жылға қарағанда 25,8%-ға жиілеген.

Жылдың басталғаны кеше ғана болғанымен, Қызылорда облысында жасөспірімдер арасында соңы қайғылы оқиғамен аяқталған топтық

Дубайда SWAT Challenge халықаралық жарысы өтті. Бұл дүбірлі доғаға 100-ден астам елдің арнайы күштік құрылымдарының үздік жауынгерлері қатысты.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ПОЛИЦЕЙ СЫННАН СҮРІНБЕЙ ӨТТІ



Биылғы жарыстың басты ерекшелігі – алғаш рет әйелдер құрамаларының ерлермен бірдей сайысқа түсуі болды.

Кедергілер жолағын енсеру кезінде нәзік жандар өздерінің ептілігі мен мергендік шеберлігін жоғары деңгейде көрсетіп, ерлерден қалыспай, нағыз кәсіби дайындықтарын дәлелдеді. Дубай төрінде өткен бұл сайыста олар көптеген мықты команданы артта қалдырды. Жарыстың үшінші күнінің нәтижесі бойынша, «Томирис» командасы 50-ден астам құраманы басып озды.

Айрықша айта кетерлік жайт – «Томирис» командасының құрамында Сыр елінің

тумасы, Қызылорда облысы Полиция департаментінің қызметкері, ЖҚАЖ инспекторы, полиция капитаны Төлекова Лаура Қарабекқызы бар. Ол барлық қиындықтарды қаймықпай енсеріп, ерлермен иық тіресе шеберлігі мен жауынгерлік рухын танытты.

Қазақстан намысын қорғаған қайсар арулар барлық сынақтардан сүрінбей өтіп, ерлер құрамаларымен терезесі тең өнер көрсетті. Нәтижесінде, Қазақстан құрамасы әйелдер арасындағы бәсекеде жүлделі екінші орынды иеленіп, ел намысын абыроймен қорғады.

«АЖ» ақпарат

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Облыс көлемінде жылу беру маусымы басталғалы бері 76 өрт оқиғасы тіркелді. Олардың басым бөлігі тұрғын үйлерде болған. Бұл қайғылы жағдайлардың негізгі себептері – тұрғындардың өрт қауіпсіздігі ережелеріне немқұрайлы қарауы, тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына назар аудармауы, сондай-ақ балаларды қараусыз қалдыруы. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар басқармасының бастығы Асхат Оразбеков мәлімдеді.

Қауіпсіздікті күшейтеу мақсатында қандай шаралар атқарылуда? Өрттің алдын алу және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әр аптаның сенбі күндері облыс аумағында кең көлемде профилактикалық шаралар ұйымдастырылуда. Бұл жұмыстарға Төтенше жағдайлар департаменті мен Полиция департаментінің қызметкерлері, сондай-ақ еріктілер тартылған.

Бүгінге дейін 72 927 тұрғын үйдің ауласы араланып, тұрғындармен 258 кездесу өткізілді.


Электр жабдықтарын, газ баллондарын,

пештер мен жылыту жүйелерін орнату және пайдалану жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ әлеуметтік осал топтарға ерекше назар аударылуда. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасынан алынған мәліметтерге сәйкес, 5463 отбасы арнайы тізімге енгізілді.

Жергілікті бюджет есебінен 484 дана табиғи газды анықтайтын датчик сатып алынып, қала және аудан әкімдіктеріне таратылды.

Өрт қауіпсіздігін сақтау – әрбір тұрғын-



ның жауапкершілігі! Пештер мен жылыту жүйелерінің жағдайын үнемі тексеріп, қауіпсіздік шараларын ескеріңіз!

«АЖ» ақпарат

ӨНІМ САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті өлшем бірлігін қамтамасыз ету, сәйкестікті бағалау және зергерлік бұйымдар айналымын бақылау бойынша жұмыстар жүргізеді. 2024 жылы департамент мемлекеттік бақылау аясында 240 тексеру жүргізіп, оның 213-інде заңбұзушылықтарды анықтады. Бұл туралы департамент басшысы Бауыржан Қарсақбаев хабарлады.



Тексеру нәтижесінде кәсіпкерлерге бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар

берілді. Сонымен қатар 33 әкімшілік іс қаралып, тиісті шаралар қолданылды. Кейбір тексерулер профилактикалық бақылау ретінде жүргізілсе, басқалары құқық қорғау органдарының тапсырмасымен орындалды.

Сонымен бірге, департамент бақылау сатып алу бағдарламасы аясында 11 түрлі өнімді зертханалық сынаққа жіберді. Нәтижесінде бензин өнімдері техникалық талаптарға толық сәйкес деп танылды. Ал үш түрлі мұздатқыш сұйықтықтың сапасы талаптарға сай келмегендіктен, олардың сатылымына тыйым салынды.

Техникалық реттеу талаптарын сақтау – сапалы және қауіпсіз өнім өндірудің маңызды шарты.

«АЖ» ақпарат



КОЛАЖ «АЖ»

МИКРОҚАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМДАР: ҚОЛДАУ МА, ӘЛДЕ «ТҰЗАҚ» ПА?

Бөлмеде жалғыз отырып, терезеге қараған кездерімде «Егер бәрін осымен тоқтатсам, мені ешкім де еске алмайды» деп ойладым. Бірақ әр жолы, «Бұл шешім емес. Егер мен күреспесем, бұл қателікті түзейтін ешкім болмайды», – деген ой тоқтатын. Достарымнан қарыз сұрауға да мәжбүр болдым. Олар басында көмектескенімен, кейін ренжіді. «Сен бізді де алдап жүрсің бе?» деген ауыр сөздер жанымды жаралады. Университетте бәрі менен сырт айналып. Ақырында оқудан да шығып кеттім.

Бұл жағдай маған өмірде ең үлкен сабақ болды. Мен әлгі жігіттің жалған сөздеріне сеніп, өзімді құрдымға жібердім. Ол мені пайдаланды. Мұндай «альфонс» жігіттер туралы білмедім, олардан сақ болу керек екенін түсінбедім. Әдемі сөз бен уәденің астарында шынайылық пен адалдық болмаса, оларға ешқашан сенбеу керек. Қазір бұл қарыздардың көбінен құтылдым. Кез келген жұмысты істедім: тазалықшы болдым, кафеде ыдыс жудым, тек өз өмірімді қайта құру үшін. Қазір бәрі артта қалды, бірақ бұл маған үлкен сабақ болды. Басқаларға айтарым: ешкім үшін өзіңді құрбан етпе. Өзіңнің сенімділігі адал еңбекке ғана арт. Әсіресе, әдемі сөздер айтып, сезімнен ойнайтын адамдардан сақ бол. Мен секілді қателік жасамаңыздар. Қиындық көп болғанымен, өмір тоқтамайды. Ең бастысы – өз болашағыңды өзін қорғау.

Бәрі уақытша, өмір жалғасады. Тек өзіне ғана сену керек, – деп ағнан жарылды ол.

Ал Жәния (кейіпкердің есімі өзгертілген) есімді кейіпкерім микроқаржы ұйымы өзіне қатты қиындық туындатады деп ойламаған. Әңгімесіне құлақ түргенімде, аздаған қателік өмірінде үлкен жара салғанын айтты.

– Ата-анам қолыма 100 мың теңге беріп, оқуға жіберген. Өзім мемлекеттік грант бойынша білім алдым. Бірақ 1-курсның соңында сабақтан қиындықтар туындап, шәкіртаққандан айырылып қалдым. Жаз бойы қалада жұмыс істеймін деп шештім. Бір айдай өзіме сай келетін жұмыс іздедім. Түрлі ұсыныстар болды, бірақ жаным жақыны – кассирлік қызмет болған соң, дүкенге жұмысқа орналастым.

Жұмыс іздеп жүрген сол бір айда 30 мың теңге шағын несие алдым. «Жалақы ала салып төлеймін» деп ойладым. Бірақ төлем уақыты жақындағанда, бастығым аванс беруден бас тартты. Аман жоқ, кассадағы бір күндік табысты білдірмей пайдаландым. Несиемді жауып, енді бәрі орнына келді деп қуанғанымда, дүкеннің иесі кассаның ақшасын сұрады. Сол сәтте не істерімді білмедім. Бар шындығымыз айтуға тура келді.

Иесі қатты ұрысты, бастығым ақшаны орнына қоюымды талап етті де, сол күні жұмыстан шығарып жіберді. Амалсыз, қарызымды жабу үшін қайта заем алдым. Төлеген 37 мыңды 50 мың қылып алдым. Дүкеннің ақшасын қайтарып, қалғанын өзіме жұмсадым. Осылай жүріп, қарыздан қарызға кіре бердім. Қазір ай сайын табысымның 150 мың теңгесін сол қарыздарға құямын. Бұл шырмаудан құтылмай келе жатқанымда үш жыл болды.

Мен замандастарыма бір ғана кеңес беремін, ешқашан қарыз алмай, ақшаны ата-анасынан сұрасын. Ештеңені жасырмасын. Бастапқыда мен де ата-анама шындығымды айтқанда, мұндай жағдайға түспес едім, – деді ол.

Ал Мирас (кейіпкердің есімі өзгертілген) есімді студент қысқа-нұсқа жеткізді. Оның айтуынша, бала кезден араласқан досы қаржылай көмек көрсетуді сұраған. Дегеніне жеткен досының қазір жетегінде жүр екен. Соқыр көзден жас шығарып, қиналғанына демеу болайын деген Миранстың өзіне қазір дереу қолдау керек. Өйткені микроқаржы ұйымдары үшін кімге «жақсылық» жасағаның маңызды емес. Өзіңнің атына рәсімделсе, төлейтін де, терлейтін де бір өзін екенін әу баста ескертпеді. Дегенмен, алдаудың арбауына іліккендерге қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің айтуынша, олардың құқықтарын қорғау шаралары күшейтілген. Мысалы, коллекторлардың борышкерді күндізгі сағат 8-ден кешкі 9-ға дейін ғана мазалауға құқығы бар. Бірақ бұл заң талаптары барлық жерде сақтала бермейді. Көп жағдайда борышкерлер өз құқықтарын білмегендіктен, қысымға төтеп бере алмай, коллекторлардың заңсыз әрекеттеріне көніп жатады.

Сонымен қатар заңгерлер борышкерлердің көп жағдайда микроқаржы ұйымдарының келісімшарттарын оқымайтынын айтады. Ұсақ әріптермен жазылған шарттарда жоғары пайыздық мөлшерлемелер, қарызды өтеу талаптары, мерзімді өткізіп алған жағдайда салынатын айыппұлдар анық көрсетілгені. Бірақ қарыз алушы мұны ескермей, тек тез ақша алу үшін келісімге қол қояды. Нәтижесінде, олар қарыздың нақты сомасынан бірнеше есе көп төлеуге мәжбүр болады.

Бүгінде халықтың қаржылық сауаттылығының төмендігі микроқаржы ұйымдары үшін оңтайлы жағдай туғызып отыр.

Олар қысқа мерзімде үлкен пайда табу үшін барын салуда. Ал қарызға батқан халықтың саны артып келеді. Мұндай жағдай халықтың әлеуметтік жағдайын әлсіретіп, қоғамның жалпы қаржылық тұрақтылығына кері әсер етуде.

Ғашық адамға Құранның аяты қасиетті емес, жарының сөзі қасиетті, жарынан басқа адамның сөзін не қылысын. Қарызға батқан адамның да Құрандағы белгілі бір ережелерге бағынбайтыны анық. Ақша қандай жолмен болса да, табылса жеткілікті. Десе де, Ислам діні микроқаржы ұйымдарына қатысты не дейді?

– Ең бірінші шариғат жағынан қарасақ, Алла Тағала «Бақара» сүресінде былай дейді. Сауданы адал етті, өсім мен рибаны арам етті деп көрсеткен. Сол үшін Алла Тағала бір нәрсені арам еткен болса, ол дүниеден береке, пайда, екі дүниеде жақсылық іздеудің қажеті жоқ. Бәлкі, біз берекені шариғатымыздың тыйған нәрсесінен тыйылып, бұйырған нәрсені жасап, іздеуіміз қажет. Айта кететін жайт, өсімнің азы да, көбі де жоқ. Бәрі де бір деңгейде арам етілді. Аллаға бойсұнған жерде оның берекесі болады.

Қазақта «көрпеңе қарай көсіл» деп бекер айтылмаған. Той жасаса да, қуанышын бөліскісі келсе де шама-шарқы келгенше жасауы керек. Тіпті қажеттілігін өтеу мақсатында алатын заттарының қаржылай көлемі де өзінің қалтасына сай болуы қажет. Еліктеудің соңы қарызға кірумен аяқталады. Сондықтан шамасы жеткенге шүкіршілік ету маңызды. Әйтпесе жанның рақаты мен өмірінің берекетінен арылады, – деді Қызылорда облыстық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің наип имамы Нұрдулет Жалғасбекұлы.

Міржақып Дулатұлының мынадай сөзі бар. «Құдай не жазса, соны көреміз деу – соқырлықтың белгісі. Тағдырдың жазғаны болар деу – ақымақтықтың белгісі. Адам не тілесе, Құдай соны тағдыр қылмақшы. Тікен екен жерге бидай шықпақшы емес». Қарызға батып, шығарманың жұмыауында жүруді тағдыр деп айту қате. Бұл жолды өзіміз тандадық. Демек құлақ аспай құлаған жерден, елдің сөзін елестетпей, қайта тұру қажет-ақ.

Мемлекет халықтың жағдайын жақсы біледі. Орташа жалақы жоғары болғанымен, халықтың әлеуметтік жағдайы да орташадан төмен. Әйтпесе «қарызсыз қоғам» атты мемлекеттік бағдарлама да шығарылма еді. Мемлекет басшысы өткен жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына жолдауында «Қарызсыз қоғам» жобасының маңыздылығын және оны бүкіл ел бойынша кеңейту қажеттілігін атап өткен болатын. Бағдарлама қаншалықты тиімді? Анықтап көрейік.

– «Қарызсыз қоғам» жобасының мақсаты – азаматтарға қаржылық және құқықтық білікті көмек көрсету, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, азаматтардың банктік несиелер мен шағын несиелер бойынша проблемалық қарыздарын шешуге көмектесу. Бүгінде жұмыс істеуге қабілетті әрбір адамда кем дегенде 1 несиеден кездесуі мүмкін. Үкіметті алаңдатқан мәселе – 90 күннен аса несиені кешіктіруге адамдардың саны 1,5 миллионнан асады екен. Бұл төлем қажеттіліктің жоқ дегенін білдіреді. Сондықтан «қарызсыз қоғам» жобасының маңыздылығы зор. 2023 жылы Апапат партиясының ұсынысымен пилоттық жоба аясында 8 аймақта жүзеге асты. Қызылорда облысы бұл қатарға кірмеді. Аталған жылы 65 мың азамат білімін жетілдірді. Нәтижелі жоба болған соң, ел Президенті Үкіметке республикалық деңгейде жобаның масштабын кеңейту бойынша тапсырма берді. Соның арқасында 750 мыңға жуық адам оқуға мүмкіндік алды. Тіпті, мектеп, колледж, университетке де оқыту жұмыстары жүргізілді. Биыл оқыту жұмыстары 90 күннен кешіктірген азаматтарға гибридікті жүйеде білім беру жоспарлануда. Сондай-ақ заңгерлік қызметке басымдық берілмек, – деді «Қарызсыз қоғам» жобасының қаржы сарапшысы Балдырған Мәмен.

Бұл да бір тәуелділіктің жаңа түрі. Несие алғанда шөліркеп қалып, судың тамшысына қолымыз жеткендей жадырап, шөліміз қанып қалады. Ал оны төлеуге келгенде тағы да несие алып, тамшыдан құралған теңізге батып, жағаға шығу қиындай түседі. Міне, микроқаржы ұйымдарының бүгінгі кенеуі – қаржы саласындағы дабыл қағарлық мәселе. Олар халыққа көмек берудің орнына, көбіне қаржылық тұзақ құрып отыр. Ал қоғамның басым бөлігі бұл тұзаққа түсіп, қаржылық қиындықтан шығу үшін одан сайын қарызға батуда. Қолда бар қаржыны үнемдеп жұмсамақ қарыздың қақпанына түспесіміз даусыз. Ақырында тын аламын деп, тыныштықтан айырылмаңыз...

Азамат АБИМОЛДА

Ең алаңдатарлық жайт – осы қарыздардың айтарлықтай бөлігі микроқаржы ұйымдарының мойнында. Микроқаржы ұйымдары ұсынатын несиелердің қолжетімділігі оларды халық арасында кеңінен танымал етті. Кез келген құжатсыз, бірнеше минутта несие беру – олардың негізгі тартымдылығы. Алайда бұл жеңілдік қарыз алушыларды ауыр зардаптарға әкелуде.

Микроқаржы ұйымдары жарнамаларында халыққа қаржылық қиындықтарды жеңудің оңай жолын ұсынады. «Несие тарихы маңызды емес», «15 минутта ақшаныз дайын» деген ұрандармен олар адамдарды өздеріне тартады. Бірақ бұл ұйымдардың қызметіне тереңірек үңілсек, олардың көп жағдайда заңды пайыздық мөлшерлемелерден әлдеқайда жоғары үстемақы алатынын көреміз. Мысалы, банктердегі орташа пайыздық мөлшерлеме 16-18% болса, микроқаржы ұйымдарында ол 50%-дан асып кетуі мүмкін.

Бұған қоса микроқаржы ұйымдары қарызды өтеуге мүмкіндік болмаған жағдайда, оны коллекторлық агенттіктерге өткізіп жібереді. Коллекторлардың борышкерлерді қорқытып-үркітуді, тіпті заңсыз әрекеттерге баруы – бүгінгі қоғамның шындығына айналды. «Күнделікті қоңыраулар», «туыстар мен таныстарды мазалау», «психологиялық қысым көрсету» – борышкерлердің жиі кездестіретін мәселелері. Мұндай жағдай борышкердің тек қаржылық емес, психологиялық жағдайына да ауыр соққы болып тиеді.

Әлгінде айтқан кейіпкерлердің өміріндегі оқиғалар біздің сөзімізге дәлел. Айғаным (кейіпкердің есімі өзгертілген) есімді қызылордалық тұрғынның өмірін қаз-қалпында баяндайық.

– «Бұл оқиға туралы айту маған өте қиын, бірақ басқаларға сабақ болсын деп айтып отырмын. Мұндай жағдайға тап болып, қателескен жалғыз мен емес шығармын, бірақ басқалар мен сияқты қайталамааса екен деймін. Мен – бір кездері сезімге алданып, өз өмірімді, болашағымды, тіпті, жақындарымның сенімін жоғалтқан қарапайым студент қызбын.

Екінші курста бәрі жақсы еді. Университетке түстім, жатақханаға орналастым. Жаңа достар тауып, студенттік өмірдің қызығын көріп жүрдім. Бір күні жатақханадағы төртінші курстың жігітімен жақын араласып кеттім. Ол өзіне сенімді, жылы сөздері көп, өмірге жоспарлары айқын сияқты көрінетін. Маған: «Екеміз бәріне бірге жетеміз, сенсіз менің қолымнан келмейді», – деп айтқанда, жүрегім елжіреп, одан жақын адам жоқтай көрінетін. Оның сөздеріне толық сеніп жүрдім. Бірақ көп ұзамай ол маған қаржылық қиындықтары туралы айта бастады. Алғашқыда «Аз ғана ақша керек, кейін қайтарамын» деп кішкентай сомалар сұрады. Мен оған көмектескеніме риза болдым. Бірақ бір күні ол менен микроқаржы ұйымынан несие алып беруді өтінді. «Барлық қарызды өзім төлеймін, тек сенің атыңа алайық. Маған сенсең, бәрі жақсы болады», – деді. Оған сенбеске себеп таппадым. Бір емес, бірнеше рет қарыз алуға мәжбүр болдым.

Әр жолы ол: «Бұл соңғы рет», – деп уәде беретін. Мен неге келіскенімді өзім де түсінбеймін. Шын ниетіммен көмектескім келді. Бірақ бірнеше айдың ішінде миллион теңгеден астам қарыз жиналды. Оның бәрі менің атыма. Ал ол бір күні ешкімге айтпастан, жатақханадан жоғалып кетті.

Микроқаржы ұйымдары мені күні-түні мазалай бастады. Алдымен телефон шалып, қарызды төлеуді талап етті. Кейінірек туыстарыма, ата-анама хабарласа бастады. Бірақ мен бұл туралы ата-анама айтқым келмеді. Олар онсыз да ауылда қиындықпен күн көріп жүрген. Сондықтан қарызды қарызбен жаба бастадым. Бір микроқаржы ұйымынан алып, екіншісіне төледім. Осылайша қарыздың үстіне қарыз жинала берді. Бұл жағдай мені қатты күйзелтті. Ұйықтай алмайтын болдым. Сабаққа баруға зауқым болмады. Қарыздың ауырлығы жанымды жеп, өзіме қол жұмсауды ойладым.

СЕКСЕНӘЛІ РАХАНОВ – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, елімізде еңбек адамының абырой-беделін арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту бағытында түрлі бастамалар іске аспақ. Ел президенті өз сөзінде: «Елімізде еңбеккер адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс» деп, нағыз сапалы маманның маңызын арттыра түсті.

Кәсіптік-техникалық білім саласының майталманы, «ҚР Кәсіптік-техникалық білім беру үздігі», «ҚР білім беру ісінің үздігі» белгісінің, «Қызылорда облысының құрметті қайраткері» атағының иегері Сексенәлі

Рахановтың туғанына 80 жыл толуына орай өңірдегі барлық кәсіптік-техникалық оқу орнында түрлі іс-шаралар өтіп жатыр.

Тарихта өзіндік орны бар тұлға 1945 жылы 5 ақпанда Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы, «Бірлік» ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Қызылорда педагогикалық институтын физика мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын өз ауданындағы №55 орта мектепте бастаған. 1975-1979 жылдары №69 училищенің директоры болып, кейін облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы бастығының орынбасары, бірнеше техникалық мектептің директоры қызметтерін абыроймен атқарып, зейнеткерлік демалысқа шыққан.

Мәртебесі жоғары маманның қашан да абыройы асқақ болары сөзсіз. Осыған орай оқу орнында да арнайы апталық өтіп, оқытушылар мен білім алушылар толық атсалысып жатыр. Апталық барысында танымдық конференция, кітап көрмесі, бейнеролик байқауы, топ сағаттары, тәрбиелік шаралар, үстел теннисінен жарыс ұйымдастырылуда.

Өнегелі өмірі білімді де білікті жастарға үлгі бола бергей!

М.МЕНДІБАЕВА, Р.МАХАМБЕТӨЛІНОВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушылары



Асүйде
жеңгесі мен
қайынсіңлісі
болмашы
дүние үшін
сөзге келіп
қалды. Бір-бірінің

тыңдайтын түрі жоқ, дауыстары қатайып барады. Мұны естіген қарт кісі не істерін білмей ортаңғы бөлмеде сенделіп жүр. Тіпті түрі бұзылып кеткен. Ақыры мазасы кетіп, басу айтуға барғанда келіні мен қызы «ата, бұл сізге пранк» демесі бар ма? Аяқ-асты әбігерге түскен атасының сондағы түрін көрсеңіз... Қарт кісілермен осылай өзіндесу қаншалықты орынды?

ПАРЫҚСЫЗ

ПРАНК

«Ана бір әнші, мына бір танымал адам дүниеден өтіпті» деп ата-әжесінің реакциясын бақылайтындар да бар. Көбінде мұндай сөз үлкендерге оңай тимейді. Оқиғаның аяғы бірінің қан қысымы жоғарылап, бірінің мазасы кетіп, жедел жәрдем шақырумен жалғасып жатады. Қарап отырып, күлкі іздегендердің күткені осы ма дейсің?

Жүрегі әлсіз үлкендермен қатар, әлі психологиясы қалыптаспаған балаларға да пранк жасайтындар бар. Балаға әдейі тамақ салмай қою, басқа балаларға мән беріп, біреуін елеу де сәби көңілінде қалып қоятын жағдай. Өйткені ол әлі үлкендердің ісін сараптап, «а-а, пранк екен ғой» деп ақылға салатын жаста емес.

Ал телефонның бейнежазбасын қосып кетіп, «мен қазір келем, қарап тұрған жоқпын. Білетін балағат сөздерінді айта бер» деп баласын бөлмеге қалдырып кететіндер «менікі дұрыс па, болашақта бұл бала қандай болып өседі» деп ойлады ма екен?

Жуырда «Я хотя бы не...» деген тренд пайда болды. Көбіне ерлі-зайыптылар бір-бірінің ерсі қылықтарын елдің алдында айтып, «хотя бы мен олай етпеймін» деп сөзін аяқтайды. Сырттай бақылап отырып әлгі адамның оғаш қылықтарын естігенде біртүрлі болып қалатынын рас.

Біреудің денсаулығына әсер ететін, біреудің көңіліне тиетін мұндай пранктың қандай пайдасы бар деп ойланғандар көрді ме?

Ислам дінінде бұған не дейді? Асыл дініміз Исламда біреуге күлкі мен қуаныш сыйлауды садақаға балайды. Дегенмен әзілдесудің де өзіндік тәртібі мен әдебі бар. Пайғамбарымыздың (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Кімде-кім Алла Тағалаға және ақырет күніне иман келтірсе, жақсы сөз сөйлесін немесе үндемесін» деген хадисін де ұмытпағанымыз абзал.

Хасан Аманқұл «Мұнара» басылымындағы мақаласында бұл туралы тереңірек баяндаған екен.

«Пранк» деп адамды ыңғайсыз әрі орынсыз жағдайға қою, алдау мақсатында әзілдеуге айтылады. Осындай әзіл-қалжың өткізетін, ұйымдастыратын адамды пранкер (әзілші) деп атайды.

Әзіл-қалжыңдардың көбі басқаларды қорқыту немесе таңғалдырумен байланысты. Мұндай әрекеттер адамның денсаулығына, отбасылық достық, туыстық қарым-қатынастарға зиянын тигізеді. Сондықтан Ислам дінінде өзге адамды қорқытуға рұқсат етілмейді.

Хадистердің бірінде мынадай оқиға сипатталады. Сахабалар Пайғамбарымызбен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бірге сапарда жүрген кезде олардың бірі ұйықтап қалады. Оның ұйықтап жатқанын көрген тағы бірі әзілдемек болып оның жебесін жасырады. Әлгі сахаба ұйқыдан тұрғанда жебесін таппай қатты қорқалды. Сол кезде манайында тұрған сахабалардың бірі күледі. Бұл жағдайды естіген Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мұсылман адамның басқа мұсылманды қорқытуына болмайды», – деп насихат айтады (Әбу Дәуіт).

Имам Зарқаш (Алла оны рақымына алсын) бұл мәселені: «Әзіл ретінде біреуге тиесілі затты алу – харам. Затты қайтарып беру мақсатымен болсын, оны иесінен сұрамай, әзілдеп алуға тыйым салынады. Сондай-ақ бұл іс шын деп қабылданады. Себебі мұсылман бауыры затын жоғалтып алдым деп ойлауы мүмкін. Ал бұл нәрсе оны қорқытады», – деп түсіндіреді (Тухфат ул-мухтаж, 10/287) ».

Ал елдің көзінше бір-бірінің ұнамсыз қылықтарын айтып, күлкі қылған ерлі-зайыптылардың әрекеті қолдауға тұрарлық па? Бір-біріне ең жақын екі адамның отбасының ішінде қалуы керек жағдайларды сыртқа шығаруы кімге пайда, кімге зиян? Мұндай бейнежазбаның астына жазылатын пікірлер де сан алуан.

Орынсыз әзілге еріксіз күліп, ұмытып кететініміз рас. Бірақ бұл бейнежазбалар интернет желісінде сақталатынын, сәбилер өскенде оларға қалай әсер ететінін неге ойламаймыз? Жұрттың миллиондаған қаралымы үшін жақындарымызды шошытып, жоқ жерден мазасын алып, денсаулығына қауіп төндіру дұрыс па? Қалай ойлайсыз?



Басы 1- бетте



ТЕМІРЖОЛ — ӨМІР ЖОЛЫ

– Мен теміржолшылар отбасында дүниеге келдім. Әкемнің жұмысы арқылы бұл салаға бала кезден-ақ жақын болдым. Есте қалған ерекше сәт ретінде 1991 жылы әкеммен бірге локомотив депосына барғанымды айта аламын. Оның жабдықтарды таныстырып, токарь станогында жасаған шағын деталімен

мамандарды қалыптастырады. Қазіргі «DAR Rail» ЖШС қызметкерлерінің шамамен 40%-ы 30 жасқа дейінгі жастар. Біз колледждер мен ЖОО түлектеріне басымдық беріп, мансаптық өсуге мүмкіндік ұсынамыз, – деді ол.

Иә, теміржолда жастар жоқ деп айтуға келмейді. Ал басты талап қандай?

– Ең бастысы оқуға және дамуға деген ынта. Біз өз ісін сүйетін, жауапкершілігі жоғары адамдарды іздейміз. Шыншылдық, адалдық, стресске төзімділік, күрделі жағдайларда шешім қабылдай білу машинистке қажет басты қасиеттер. Біз жаңа кадрларды оқытуға және қолдауға дайынбыз.

Машинистердің өмірі мен еңбегіне арналған кітап шығаруды жоспарлап отырмыз. Теміржолшылар қызмет барысында оқиғаларымен бөлісіп, тәжірибе алмасып отырады. Бұрын бұл әңгімелер депода, асханаларда айтылатын. Біз сол естеліктерді жинақтап, кітапқа енгізуді жөн көрдік. Бұл кітапқа локомотив бригадаларының өмірден алынған оқиғалары, олардың кәсібилігі мен ерлігі баяндалады. Кітапты «Жұмысшы мамандықтар» жылы аясында шығаруды жоспарлап отырмыз, – деп қорытындылады Ринат Тасбулатұлы.

«КІШКЕНТАЙ ҚАТЕЛІКТІҢ САЛДАРЫ АУЫР БОЛУЫ МҮМКІН»

Ал электровоз машинисі Руслан Хамитов бір күндік жұмысымен бөлісті.

– Жұмысқа шақырту берілгеннен кейін станцияға келіп, арнайы формамызды киіп, нұсқаулықтан және рейс алдындағы медициналық тексерістен өтеміз. Маршрутка байланысты кейде Павлодардағы «Южная» станциясына барып, локомотивті қабылдап, жабдықтардың дұрыстығын тексеріп, сапарға шығамыз. Біздің маршруттар «Екібастұз», «Ахбедан», «Шкүлу» станциялары арқылы өтеді. Сонымен қатар «ГРС Ақсу-1» секілді жүк станцияларында да жұмыс істейміз. Кестені қатаң сақтап, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету біз үшін маңызды процесс.

Ауысымдық жүйе бойынша жұмыс істейміз. Сапардан кейін 16 сағат демаламыз. Кейде ауысым бір тәулікке, кейде одан да ұзаққа созылады. Нормативтерге сәйкес, бізде аптасына 48 сағат демалыс бар. Бұл жұмысқа қажетті күшті қалпына келтіруге мүмкіндік береді, – деді ол.

Сонымен қатар талаптарға тоқталды. – Әрбір машинист аттестациядан өтеді. Жыл сайын емтихан тапсырамыз, сонымен қатар күнделікті техникалық сабақтар өтеді. Біз 27 500 вольт кернеумен жұмыс істейміз. Сондықтан кішкентай ғана қателіктің салдары ауыр болуы мүмкін.

Теміржол – қауіпті аймақ. Ал ең қиын жағдай – локомотивтің жұмыс барысында бұзылуы. Мұндайда 20

ұзақ ойғаным есімде.

Ал 18 жасымда локомотивтерге техникалық қызмет көрсету пунктінде слесарь-ходовик болып жұмыс істей бастадым. Кейін «Алтын Орда» жөнделу депосына ауысып, электромашиналық және электроаппараттық цехтарда еңбек еттім. Одан соң курстан өтіп, локомотив депосына жұмысқа тұрдым. Осылайша көмекшіден электровоз машинисі дәрежесіне дейін жеттім. Ал кейін локомотив депосы директорының орынбасары қызметіне дейін көтерілдім, – деді ол.

Білікті маманмен әңгімелескенде, әрине, барынша ақпарат алуды қалаймыз. Келесі сауалымыз теміржол саласындағы жұмысшы мамандықтардың маңызы жөнінде болды.

– Жұмысшы мамандықтарды теміржол саласының тірегі деп есептеймін. Машинист, диспетчер және сала қызметкерлерінің барлығы да теміржол қозғалысын ұйымдастырып, қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Кенес дәуірінде теміржол саласындағы жұмысшы мамандықтар, әсіресе теміржол мамандары әскери қызметке теңестірілетін. Машинистер министрлігіне тікелей хабарласа алатын. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл мамандыққа деген сұраныс азайды. 2000-шы жылдардың басында маман тапшылығы қатты байқалды, – деп жауап берді Ринат Дюсенов.

Сұхбат барысында жастардың да үлесі айтылды. Компания басшысы жастардың жеңіл табыс көздерін іздеуге бейім екенін тілге тиек етті.

– Машинист болу қиын, жауапкершілігі жоғары деп ойлап, бұл мамандықтан қорқатын жастар бар. Мұндай көзқарасты өзгерту үшін студенттермен арнайы кездесулер өткізіп, жастар форумдарына қатысып, теміржол саласындағы мансап туралы ақпарат береміз.

Қазір біздің компанияда жастардың саны артып келеді. Әрине, жаңадан келгендер үшін 6 000 тонналық құрамды басқару үлкен жауапкершілік, дегенмен дәл осындай қиындықтар білікті

Әлия ТӘЖІБАЙ

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ

ОЙЫН ТЕРАПИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ТҰСЫ

Балалар психологиясында ойынның алатын орны ерекше. Ойын – бала өмірінің ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен қатар оның эмоционалды және психологиялық жағдайын реттеуге көмектесетін құрал. Ойын терапиясы – баланың ішкі әлемін түсіну және оны қолдау үшін қолданылатын психологиялық әдіс. Бұл әдіс балаларға өз сезімдерімен жұмыс істеуге, қорқыныштарымен күресуге, әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Ойын терапиясы қазір мектепке дейінгі және бастауыш білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып келеді, себебі ол баланың дамуының әр түрлі аспектілерін қолдайды.

Ойын терапиясы дегеніміз не?

Ойын терапиясы – психологиялық көмек көрсетудің бір түрі, онда бала ойын арқылы өз сезімін, қорқынышын, уайымын және мәселелерін білдіреді. Балалар үлкендермен сөйлескенде өздерінің сезімдерін сөзбен жеткізе алмауы мүмкін, бірақ ойын олар үшін ең ыңғайлы және түсінікті тәсіл болып табылады. Ойын терапиясы баланың эмоциялық жағдайын түсінуге, оны тыныштандыруға, өзін-өзі бағалауын арттыруға, әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Принциптері мен әдістері

Ойын терапиясының негізі – бала мен терапевт арасындағы сенімді қарым-қатынас. Бала ойын барысында өзіне не қажет екенін және қандай мәселелерді шешу керектігін байқайды. Ойын терапиясының кейбір әдістері:

Рөлдік ойындар

Рөлдік ойындар – баланың өз қорқыныштары мен алаңдаушылықтарын жеңуге көмектесетін әдіс. Балалар түрлі кейіпкерлерді ойнап, олардың орнына өздерін қойып көреді. Бұл әдіс баланың өзін-өзі түсінуіне және оның эмоцияларымен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Мысалы, «дәрігер» немесе «полиция» рөлінде ойнау баланың өз мәселелерімен күресуге, оларды шешуге деген көзқарасын өзгертуге көмектеседі.

Сурет салу терапиясы

Сурет салу – баланың ішкі эмоцияларын білдірудің тағы бір тәсілі. Балалар сурет салу барысында өздерінің қорқыныштары мен алаңдаушылықтарын бейнелей алады. Бұл әдіс олардың сезімдеріне деген түсінік береді және психосоциалды жағдайын түзетуге көмектеседі.

Шығармашылық ойындар

Шығармашылық ойындар арқылы бала өз қиялында өмір сүреді, жаңа әлем құрады және өз сезімдерімен жұмыс істейді. Мұндай ойындар балаға өзінің эмоцияларын түсінуге және оларды дұрыс бағытта басқаруға көмектеседі.

Эмоциялық күйзелістерді жеңу

Ойын терапиясы балалардың күйзелісін жеңуге көмектеседі. Мектепке дейінгі жастағы балалардың көпшілігі жаңа ортаға, жаңа адамдарға бейімделу барысында күйзеліс сезінеді. Ойын терапиясы арқылы балалар өздерінің қорқыныштарын жеңіп, жаңа ортаға оңай сіңісіп кетеді.



Қорқыныштар мен стресстерді жеңу

Ойын терапиясы балалардың қорқыныштарымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мысалы, баланың мектепке бірінші рет барған кездегі алаңдаушылығы немесе ата-анасынан бөлек болған кездегі сезімі ойын арқылы жеңілдейді. Балалар ойын барысында өз қорқыныштарын жеңуге, жаңа жағдайға бейімделуге үйренеді.

Әлеуметтік дағдыларды дамыту

Ойын арқылы балалар басқа балалармен өзара қарым-қатынас жасауды үйренеді. Рөлді ойындар мен топтық ойындар балаларға басқа адамдармен бірге жұмыс істеуді, эмпатияны (басқалардың сезімін түсіну) дамытуға көмектеседі. Бұл дағдылар балалардың болашақтағы өмірінде өте маңызды рөл атқарады.

Өзін-өзі тану және өзін-өзі бағалау

Сондай-ақ, бұл терапия балалардың өзін тануына және өз ішкі әлемін түсінуіне мүмкіндік береді. Балалар ойын арқылы өздерінің қорқыныштарын, тілектерін және қажеттіліктерін анықтай алады. Бұл олардың өзін-өзі бағалауы мен өзіне деген сенімін арттырады.

Ойын терапиясының қолданылу саласы

Аталған терапиясы әр түрлі жағдайларда қолданылады. Ол балаларда байқалатын түрлі психологиялық мәселелерді шешуде пайдалы болуы мүмкін:

- Қорқыныш пен алаңдаушылық: Мектепке барудан қорқу, жаңа ортаға бейімделе алмау сияқты мәселелер ойын арқылы жеңілдейді.

- Отбасылық мәселелер:

Ата-анасымен немесе туыстарымен болған келіспеушіліктер балалардың психологиялық жағдайына әсер етуі мүмкін. Ойын терапиясы бұл жағдайда балалардың эмоциялық жағдайын қалпына келтіруге көмектеседі.

- Қиындықтар мен дағдарыстар:

Балалар өміріндегі өзгерістер, мысалы, мектепке бірінші рет бару, жаңа достар табу сияқты кезеңдерде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Ойын терапиясы бұл қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді.

Ойын терапиясы – балалар үшін өте тиімді психологиялық әдіс. Ол балалардың ішкі әлемін түсінуге, оларды эмоциялық және әлеуметтік тұрғыда дамытуға көмектеседі. Бала ойын арқылы өз қорқыныштарымен күреседі, жаңа дағдыларды меңгереді және өзіне деген сенімділігін арттырады. Сонымен қатар бұл әдіс баланың психоэмоционалды жағдайын түзетуге, әлеуметтік бейімделуіне және қиындықтарды жеңуіне үлкен ықпал етеді. Ойын терапиясын қолдану арқылы педагогтар мен психологтар баланың психологиялық денсаулығын нығайтып, оның толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Бұл әдіс қазіргі уақытта мектепке дейінгі және бастауыш білім беру мекемелерінде кеңінен қолданылады және балалардың болашақтағы табысты өмірінің негізін қалайды.

Еңлік ШӘБІЛ,

«Болашақ» университетінің жоғары колледжінің арнайы пән оқытушысы, педагог - модератор



ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздегі күрделі мәселелердің бірі. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерді қатты алаңдататыны айқын.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында сыбайлас жемқорлық деген ұғым мынадай мағынада қолданылады – «жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу».

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көленке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хак. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті және жемқорлыққа төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы.

Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұдан да биік дәрежеге көтерілетіні хак. Жалпы кез келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидалары белгіленген, ол: заңдылық, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын

мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы, жариялық пен ашықтық, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу үшін: қоғамда сыбайлас



жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүреді. Елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кері тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз еленіп естен шығармайық.

С.АЙТБАЕВ,

Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

АҚИМЫҚ АҚЫНҒА АРНАЛҒАН ОҚУ САҒАТЫ

«Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» атты бағдарлама аясында Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектепте ақимық ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Мұқағали Мақатаев – поэзия тұлғары» атты оқу сағаты өткізілді.

М.Мақатаев Қазақстанның – ұлттық мәдениеті мен өнеріне зор үлес қосқан тұлға. Лирикалық ақынның поэзиялық туындылары қазақ әдебиетінен ерекше орын алды.



Шара барысында 7-сынып оқушылары қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның өміріне шолу жасап, өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтты. Ақынның сөзіне жазылған өндер де шырқалды. Сонымен қатар кітапханашы Л.Омарова оқырмандарға кітап көрмесін таныстырды.

Оқу сағатын мектеп кітапханашылары мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Маликова ұйымдастырды.

Л.ОМАРОВА,

Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектептің кітапхана меңгерушісі

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ: ӘЙЕЛДЕР ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИСТИКА

Басы 1-бетте

Мистика әлем әдебиетінде ертеден қалыптасқан жанр. Эдгар Аллан По, Говард Лавкрафт, Стивен Кинг сынды жазушылар бұл бағытта ерекше шығармалар тудырды. Қазақ әдебиетінде бұл жанр фольклорлық аңыздармен, көне мифологиялық түсініктермен астаса отырып, Әбіш Кекілбаев, Төлен Әбдік, Мұхтар Мағауин, Дидрахмет Әшімханұлы секілді қаламгерлердің шығармаларында көрініс тапқан.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі өзгерістер мен жаңа заман жазушыларының туындыларына көз жүгіртсек, мистика жанрының көш ілгері дамуын аңғарамыз. Оның ішінде әйел қаламгерлердің прозасы бір төбе. Табиғаттан тыс құбылыстар мен тылсым оқиғаларды суреттеп, оқырманын үрейге бөлейтін әдебиеттің бұл бағытына бүгінде толыққанды зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Күпияға толы құбылыстар, елестер, рухтар, беймәлім күштер хақында қалам тербеу кез келген жазушы дауалай бермейтін тақырып. Бүгінгі мақаламыз дәл осы жанрда тың туындыларымен оқырманын қуанытып жүрген әйел қаламгерлердің шығармашылығы жайлы болмақ.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі мистикалық прозалар қатарындағы оқ бойы озық туындылардың бірі Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» романы. Шығарма орыс империясының отарлау саясаты тұсындағы қазақ жерінде өмір сүрген татар саудагері Арсланның отбасы жайлы баяндаудан бастау алады. Қарқаралының как ортасындағы басқа үйлерден бөлек, қос қабатты еңселі үйге өз иесінен соң біршама жыл ішінде бірнеше отбасы қоныстанады. Ең қызығы барлығында қайталанатын жағдай біреу: бұл үйде ұйықтаған қыз баласы оянбаған күйі о дүниеге аттанады. Ай толған шақта үйді кезетін әруақтың тек қана қыз баласын буындауында не құпия



жығы қала ішінде бей-берекет көше кезген кейіпкер Есентай өзенінің жағасындағы «келіншекталдың» жанына келіп жайғасады. «Біздің жақта келіншекталдың астында екі аяғы жоқ сұлу қыз отырады, ол қызды көрген адамдар бақытты болады дейтін аңыз бар. Бұл шын ба?» деп сұрайды. Олай деуінің себебі ауылының шыға беріс тұсында келгенге де, кеткенге иіліп сөлем беріп тұратын келіншектал мен оның көлеңкесіндегі жалғыз бейіттің ауыздан ауызға тараған аңызы бар-тын. Елдің сөзінше сол ауылда қоныстанған кемпір мен шалдың Құдайдан сұрап алған жалғыз қызы Шолпан қос аяғынан кемтар болып дүние есігін ашқан. Қатарымен ойнап-күле алмаған, келіншек болып басына ақ орамал тағуды арман еткен қыздың бар ғұмыры өз қарашыңырағында өткен соң, көптің қорымына қоспай, осы келіншекталдың жанына жерленген. Содан бері жылдар түгілі ғасыр өтсе де ел ішінде әлі күнге дейін сол қыздың елесі келіншекталдың астында отырады деседі көрген-білгендер. Тіпті етегі жер сызып аяда қалықтап тұратынын да елден есіткен. Дәл осы жайды есіне алып, баяндаған кейіпкердің жанына кенеттен аққұба өңді, ұзын бойлы қыз келіп жайғасады. Арадағы диалог барысында басты кейіпкер аққұба қызды қанша қағытып, мұқатқанымен әдебин сақтап, әдеби тілде әңгіме өрбіткен қыз шығарманы оқып отырған кез келген жанды сан түрлі ойға жетелейді. Түптің түбінде қалжыңын жиыстырып, бейтаныс қызға мындай мұң шаққан кейіпкерге жанашырлығын білдіріп, тек жақсылыққа сенуін сұраған аққұба қыз орнынан тұрып кете барады. Есімін де біле алмаған кейіпкер аңтарылып тұрып, аңғарып қарағанда аяғы жоқ қыз көйлегінің етегі жер сызып қалықтап бара жатқанын көреді. Жазушының әңгімелері қазақ фольклорында кезігетін мифтік кейіпкерлермен шектелмей, әлем әдебиетіндегі мистикалық қаһармандарды да кірістіре отырып, осынысымен ерекшеленеді.



жатқанын оқырманды білгенше асық етеді. Шығарманың шешіміне келгенде жасырылған мәйіт (әруақтың денесі) үй жанындағы қойма астынан табылғаны, оның кім екені, қандай жағдайда қоз болғаны жайлы тарқата бастауды оқырманын тіпті есенгіретіп тастайды. Романдағы оқиға барысын суреттеудегі қаламгердің шеберлігі сондай, одан алған әсермен апталап тіпті айлар бойы үрейленіп жүруіңіз ықтимал. Себебі мұнда тылсым жайдың орын алуы мен кейіпкерлердің қорқынышы, оқиғаға реакциясы терең көрініс тапқан. Аталған роман жайлы әдебиеттанушы Әлібек Уәлиханұлы:

– Жалпы «Үлкен үйдегі үрейде» үш линия бар. Біріншісі – Алаш жұртының басынан кешкен ауыр ахуал, тарихи жағдай: «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» атты советтік саяси науқан, екіншісі – елді дүрліктірген елес, үшіншісі – адамдардың жай-күйі, тыныс-тіршілігі, тұрмысы, сол кезеңнің картинасы. Әр линияның өз функциясы бар. Романда жоғарыда аталған Еділ, Қарқаралы, Қарағанды, Омбы, Қазанмен қатар, Егіндібұлақ жайлауы, Лепсі, Семей үйезі, Түмен, Қорған, Ертіс, Есіл, Целиноград, Жамбыл, Шу, Алматы сынды топонимдер кезігеді. Бұл бір жағынан туындының жағрафиялық тұрғыдан кеңдігін, ауқымдылығын аңғартса, екінші жағынан жазушының қиял ұшқырлығы арқасында алыс-жақынды уақыт-кеңістік категориялары негізінде көркемдік шешімін тапқандығын байқатады, – дейді өз талдауында.

Мистикалық жанрды Лира Қоныстың шығармашылығынан жиі кездестіруге болады. Оның «Құпиянай қосылған балмұздақ» атты кітабындағы алғашқы туынды «Келіншектал» әңгімесіне тоқталайық. Әп дегеннен әлеміне сүңгітіп әкететін әсерлі шығарма мистикалық көрініс мен мұндапап тұр. Көше бойында кезігетін 13-14 жас шамасындағы көзі көк, қолтығына кітап қыстырған қызбен болған диалог автордың өзінің өткен ғұмырымен тілдесуі еді. Ығы-

әруағы тау аралап, түн жамылып алма бақ ішінде ән салатын көрінеді. Ал негізінде ол Алатау баурайындағы мың-мыңдап кесілген ағаштарды жоқтап, ән салатын шынымен де алма ағашының құдайы Алмагүл болатын. Алғашында кез келген оқырман Арманның диалогын оқығанда ақыл-есінде ақауы бар жігіт деп санайтыны күмәнді. Дегенмен автор туындысын тәмамдай келе оның табиғатқа, әдемілікке, қорғаныс мөлдірлікке ғашық жүрегін көпке үлгі еткісі келгені байқалады.

Қаламгердің шығармашылығындағы оқиға барысы көп жағдайда түсініксіз немесе белгісіз күштермен байланысты өрбиді. Лира Қоныстың жоғарыда аталған кітабына енген шығармалар легінде су перісіне есі кете ғашық болған жас жігіттің қысқа ғана ғұмыры мен өлімі жайлы баяндалатын «Су перісінің зираты» атты әңгімесі, кітапханадағы елес қыз жайлы «Махаббат туралы роман» шығармасы, бала күннен Андерсен ертегісіне еліктеп өскен айдай сұлу Айсәуленің егіс даласында жүріп ақыл-есінен айырылуы туралы «Сөкө, су және Андерсеннің ертегісі» атты әңгімесі, пәтердің отыз жыл бұрын о дүниелік болған қожайынына жолданған гүл хақында «Отыз үш тал раушан гүлі» атты шығармасы, сондай-ақ «Қош, Күнкей» әңгімесіндегі ересек Лаура өзінің сәби шағымен жолығып, қуыршаққа таласуы т.т. осы секілді туындыларының басым бөлігі жазушының аталған жанрға жиі қалам тербейтінінің айқын көрінісі. Автор шығармашылығында өткен кезеңіне көп оралып, өзінің бала күнімен жиі кезігеді. Бұл сол кезеңге деген әлдебір сағынышты білдірсе керек. Дегенмен сәби шағын, балдырған бала күнін сағынбайтын адам бар ма? «Тап солай расында жолықтырар болсам, айтар ақылының тиегін ағытар едім-ау» деген арман әр кеудеде жылт ететіні жасырын емес. Туындыларды оқып отырып, көз алдыңнан көрген фильмдей өтетін көріністер тұла-бойды түршіктіріп, тылсым атаулыға таң-тамаша күйде қалдырады.

Аягүл Мантайдың «Уақыттың көз жасы» кітабындағы «Қабір гүлі» атты әңгімесінде мистикалық тылсымның ұшқыны бар. Көрші ауылдан қыдырып келген Есіркептің кішкентай қызы Бұрым зират басында ойнап жүріп, қабір үстіндегі гүлді жұлуы өз өлімімен аяқталатынын кім білген... Оқиғаның жай-жапсарына үңілсек, зират басынан бірде-бір зат алмау қазақтың ырым-тиымдына бар ұғым. Тіпті ниеті қара залымдар зираттан алған топырақты кісі ауласына шашу арқылы сол адамның ажалын тілейтіні жайлы ел аузындағы аңыздар ойландырмасқа қоймайды. Ал «Қарғыс» атты әңгімесінде Александра есімі қыз атасының жастық шағында он екіде бір гүлі ашылмаған қыздың обалына қалып, қарғыс арқалағаны жайлы баяндайды. Өз-өзіне қол жұмсап қайтыс болған қол қыздың қарғысы айна-қатесіз орын алады. Қос қызы бірінен соң бірі жынданып кеткенін көзімен көрген қарт бақилық боларында жалғыз ұлы мен немересін жанына шақырып өзі жасаған қателікті қайталамауды өтінеді. Десе де бұл қарғыс сол күнәһар қарттың немересін, яки Александраның әкесін де ақыл-есінен айырып тынған. Қос әпкесімен тоқтамай, қызының айықпаса дертке ұшырағаны жанына батып Александраның әкесі ерте дүние салады. Ол да аттанар сәтінде ұлына «Атаң арқалаған қарғыс әулетіміздің



түбіне жетті. Енді сол қателікті ешқашан қайталаушы болма, балам» деп аманат сөзін айтады. Тұқымын тұздай құртқан қарғыс Александрға тірелгендей анасы уайым шегетінін де жасырмайды. Дегенмен әңгіме соңы автор мен Александраның хат-хабары үзілген себебімен одан арғысы жұмбақ күйде қала береді. Қазақ әдебиетіндегі мистикалық көбіне халық аңыздары, наным-сенімдер, тылсым оқиғалар негізінде жазылады. Осы тұрғыда қарастырсақ, қазақ «Алғыс алған – арымас, қарғыс алған – жарымас» деп бекер айтпаса керек.

Марқұм Аягүл Мантай шығармашылығындағы әрбір туынды шынайы суреттеу мен терең философияға құрылған һәм қайталанбас диалогтарымен ерекшеленеді. «Мына біз сүріп жатқан өмірдің шындығын жазу керек. Жазушы адамның ішін ақтарып, бойындағы ақ пен қараның таласын көрсете алуы керек. Адамның жанында болатын арпалыстар, сезімнің иірімдерін суреттеуі керек. Адам періште емес, сын сағатта пенде. Кей адамның бетіне жағып алған бояуын жуып, шын бейнесін, ашы шындықты көрсете алуы тиіс. Құдайға жүрек арқылы, сезім арқылы жақындайтынмызды. Тағдырдың иіркіні жолдарын, адамның өзі туралы шындықпен бетпе-бет келгендегі күйін көрсетуі керек жазушы» дейді қаламгер өз сөзінде.

Мистика жанрында жазылған үздік шығармалар қатарында жас қаламгер Жәудір Нартайдың «Той көйлек» атты әңгімесін атап өткен абзал. Қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленген туынды бірінші жақта, яки автордың «мені» арқылы баяндалады. Әкесінен ерте қалған Валя есімді құрбысының бұлыңғыр болашағы, көп өтпей-ақ екінші рет тұрмыс құрған анасы Мариядан бөлінуі мен қуыршақтай сұлу қыздың Зина әжейдің қолында өсуі оны үлкен өзгерістерге ұшыратады. Айна алдында сыланып, ерте есейген Валяның жүріс-тұрысы ауыл адамдарына көзге шыққан сүйселейді көрінеді. Тіпті ауылдағы жас айырмашылығы әлдеқайда үлкен, жуырда әскерден келген жігітпен арақатынасы жайлы өзі де мақтана айтатын-ды. Дерт мендеген Зина әжей төсек тартып жатқанда Валя оның құлыптаулы ескі шабандандарын ақтарып жүріп, қарт ананың қарсылығына қарамастан бірінің құлпын бұзып, той көйлегін тауып алады. Қыздың ақ көйлекті жалма-жан киіп айнадағы өз келбетіне тамсануы, жамандықтың боларын ескертуге де шамасы келмеген әжейдің о дүние мен бұл дүниенің ортасында көзінен жасы тарамдалып үнсіз жатуы күдік пен аянышты қатар тудыратын көрініс. Көп өтпей әжей бақилық болады. Ал Валяның әдеттегідей сауық-сайраны жалғасын тапқан. Шығарма бірте-бірте шым-шытырық оқиғаға ұласады.

Көптен анасының тиымымен Валяның үйіне ат ізін салмаған құрбысы кенеттен сол үйге бас сұққанда оның төсекте сұлық түсіп жатқан сұп-сұр бейнесін көріп, дағдарып қалады. Айналаны бажайлап қарағанда үй жиһазына ілулі тұрған ақ көйлекті көзі шалады. Жақын барып түймелерін көрмекке бекінгенде Валяның «жолаушы болма, ол көйлекке қарғыс тиген» деген айғайынан соң мелшиіп тұрып қалған. Осы оқиғадан кейін ел ішінде Валяның жүктілігі жайлы жел сөз тарай бастайды. Әскерден келген әлгі жігіт бұл уақытта қалаға қашып үлгерген еді. Туындының түйінінде ақылынан адасқан Валя ақ көйлегін киіп, қолына шабаданың ұстаған күйі



белгісіз бағытты бетке алып ұшты-күйлі жоғалып кетеді. Ауылдастарына сүйіншілеп айтқан соңғы сөзі «мен бүгін тұрмысқа шығамын, қалыңдық тойдан кешікпеуі керек». Бұл қаламгердің кенінен таралып, ең көп оқылған туындысы десек қателеспейміз. Жәудір Нартайдың бір деммен оқылатын қызықты һәм әсерлі әңгімелері бүгінде түрлі газет-журналдар мен әдеби порталдарға жарияланып келеді.

Белгілі жазушы, аудармашы, филология ғылымдарының PhD докторы Нұрхалық Абдырақын:

– Жәудір шығармаларындағы басты ерекшелік оның ешкімге ұқсай бермейтін өзіндік дара суреткерлігі. Шығармада уақиғаны беру мен кейіпкер образын солдмауда қысқадан нұсқа әдемі жинқылық, ой тереңдігі анық байқалады. Ұлттық әдеби шығармаларымыздың ең үлкен ерекшелігі көркем сурткерлік, жансызға жан бітіретін, уқиғаны көз алдына әкелетін тіл күдіретін бір қырынан пәш етеді. Міне бұндай шығармаларды әдеби ортада биік бағалайды, жазушының суреткерлік қабілетінің қоғам мойындайды. Қазір заман өзгерді, ұзақ суреткерліктің өзі бүгінгі асығыс оқырманға мыжымалық сияқты көрінеді. Жәудір бәрін заманға сай түлеткен. Жәудір шығармаларында тамаша сурттеулер бірден байқалады, – дейді ол қаламгер хақында.

Нә, мистика жанры оқырманды қорқыныш пен құпияға толы әлемге жетелейтін, ақылмен түсіндіру аса қиын тылсым оқиғаларды сипаттайтын әдеби бағыт. Ол адам санасының беймәлім қырларын ашып, өмірдің көрінбейтін тұстарын зерттеуге мүмкіндік береді. Егер осы мақаламызды оқыған қандай да бір жанның қызығушылығын оятып, оның кітап оқуына себеп бола алсақ, біздегі мақсаттың орындалғаны.

А.МАРАТҚЫЗЫ

Электр энергиясы – жер шары тұрғындарына берілген үлкен нығметтің бірі. Ол адамдарға қауіпсіздік пен жайлылық сыйлаудан бастап, түрлі технологияның жасалуына, мегаполистердің дамуына жол ашты.

Қайрат НУРАТДИНОВ:

ЭНЕРГЕТИКТЕРГЕ ҚОЙЫЛАР БАСТЫ ТАЛАП — ҚАУІПСІЗДІК



Әрине, ғылымға ден қойған, батыл әрі іскер жандар электр энергиясының әр ғимаратқа тұрақты жетуіне себепкер болатыны рас. Энергетика саласындағы сондай білікті маманның бірі — «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК, «Электротехникалық қызметі» бөлімінің инженері Қайрат Нуратдинов.

Қайрат Тажетдинұлының айтуынша бұл салада қызмет ету үшін логикалық мықты болуы керек. Яғни, ғылымға негізделген энергетика саласы әр қадамды алдын ала ойлап, жоспарлауды қажет еді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде энергетика саласы бойынша білім алған ол үздік шәкірттердің бірі болды. Ал «Қызылорда жылу электр орталығында» өндірістік практиканы өту барысында студент ретінде тәжірибе жинап қана қоймай, болашақта осы саладағы мықты маман боламын деген мақсат қойды. Өте күрделі энергия жүйесімен жабықталған «Электротех» бөлімі Қайрат Тажетдинұлының шыңдалуына, білім алуға деген ынтасының арта түсуіне себеп болды. Ал арада бірнеше жыл өткенін ол дәл осы орталықтың қызметкері болып жұмысқа қабылданды.

Энергетика саласының өкілі жасөспірім шағында ұшқыш боламын деп армандапты. Армандап қана қоймай, нақты қадам жасап, талапкерге арналған сынақтан да өткен екен.

— Негізі бала кезімнен-ақ арманым әскери ұшқыш болу еді. Сол бағытта көп еңбек етіп, спортпен айналысып, физикалық тұрғыда дайындалдым. Оқу бітірген соң Ақтөбе облысындағы Т.Бигелдинов атындағы әскери ұшқыштарды оқыту академиясына құжат тапсырдым. Медициналық тексерістен өту барысында қан қысымының нормадан жоғары болуына, яғни 130/80 мм.рт.ст. көрсетуіне байланысты АКТ толтырылды.

Жалпы энергетика саласын таңдауыма өзгелер ықпал еткен жоқ. Жоғары оқу орнына құжат тапсыру барысында алдымда бірнеше мамандық тізімі тұрды. Энергетика болашақтың мамандығы екенін ескеріп, физика мен математикаға жақын екенімді ойлап, осы мамандықты таңдауға шешім қабылдадым. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде тәжірибелі әрі түсінігі мол ғалымдардан білім алып, лекцияларына қатысып, бұл саланы жақсы меңгердік, — деді ол.

Оның айтуынша, бұл салада ең басты талап — қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау және мамандардың біліктілігін жүйелі түрде арттыруы. Расымен де, энергетика саласында еңбек ету үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ал күн райы өзгеріп, жылу маусымы басталған сәтте жұмыс та қарбаласып, қыза түседі. Сондықтан үнемі тәуекелге бел буып, батылдықты серік еткен жандарға елдің де айтар алғысы ерекше.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ

IELTS 9.0

Басы 1-бетте

МҮМКІН ЕМЕС МЕЖЕ ЖОҚ

Әрине, бұл бір күндік нәтиже емес. Ол 5 жасында-ақ өзге тілді еркін меңгеруге талпынып, 9 жасында өзінен кіші балаларға сабақ бере бастады. Ал 14 жасында екі бірдей оқу орталығын ашып, мыңдаған оқушыны тіл меңгеруге баулыды.

Бүгінде оның оқушылары әлемнің үздік оқу орындарына грант жеңіп алып, халықаралық компанияларда жұмыс істеуде.

Бала кезінен ерекше қабілетімен көзге түскен Саяның тіл үйренуге деген қызығушылығы 8 жасында саналы түрде артқан. Ол ағылшын тілінің жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын ерте түсініп, бұл бағытта өзін шыңдауға бар күшін салған. 9 жасында америкалық кеңесте ерікті түрде сабақ беріп, алғашқы мұғалімдік тәжірибесін жинақтаған. Сабақ беру тәсілін ерекше әдіспен жүргізіп, тіл меңгеруді ойын, ән айту, диалог құру арқылы үйреткен. Оның айтуынша, оның жетістікке жетуінде ең басты рөлді анасы атқарған.

— Менің бапкерім, ақылшым — анам. Қандай мәселе, шешім, таңдау болсын анаммен ақылдасып, сырласамын. Ағылшын тілін үйреніп және бүгінгідей мықты дәрежеге жетуіме себепкер болған да — анам.

Ал менің қызығушылығым саналы түрде



8 жасымда пайда болды. Себебі сол кезеңде мен ағылшын тілінің жапон, француз тілдері секілді әлемге жол ашатын құрал екенін түсіндім. Яғни бұл арқылы қалаған оқу орнына грант ұтып алып, халықаралық ұйымдарда жұмыс істеуге шақырту алып, жаһандық аренаға шығуға болатынын ұқтым, — дейді ол.

IELTS емтиханы бойынша ТМД елдеріндегі ең жас сарапшы атанған Сая алғашқы емтиханын 11 жасында тапсырған. Ол кезде оның нәтижесі 6.5 болса, кейінгі жылдары жүйелі дайындықтың арқасында көрсеткішін 8.5-ке дейін көтерді. Ал биылғы 9.0 нәтижесі — оның кәсіби деңгейінің дәлелі. Жас дарынның айтуынша, мұндай көрсеткішке жету үшін ол халықаралық емтиханды 20 рет тапсырған. Кейіпкеріміздің әлеуметтік желіде тараған әсерлі видеосы көптің жүрегін елжіретіп, кеудемізде мақтаныш сезімін оятқаны рас. Өзі жеткен нәтижеге алғашында сенбегенін де жасырмады.

— Алғашқы емтиханды 11 жасымда тапсырдым.

Speaking кезеңінде 8,5 ұпай жинадым, ал жалпы балым 6,5 болды. Мен 7 жасымнан ағылшынша еркін ойымды жеткізе алатынымна қарамастан дұрыс стратегиялар мен техникаларды білмеген соң, алғашқы емтиханда өзіме қажетті нәтижені жинай алмадым. Уақытыңызды, энергияңызды жоғалтпай, мықты мұғаліммен, дұрыс әдістемелен дайындалу маңызды екенін айтқым келеді. Теория мен практиканы қатар алу керек, — дейді Сая.

Жас келсе іске. Мақсаты айқын, өзіне не керек екенін білетін кез келген баланың биіктерді бағындыратыны сөзсіз.

Әлия ТӘЖІБАЙ

«GENDER PARTY»:

Заманауи «дәстүр» ме, даңғазма ма?

Кейінгі жылдары ерекше жаңа дәстүр пайда болды — «Gender party». Әлі туылмаған нәрестенің жынысын жариялаудың қызықты әрі креативті жолы қазір үлкен тойға айналды. Мейрамхана жалдап, түрлі түсті шар, арнайы торт пен сан алуан тосын сый арқылы болашақ ата-ана қуанышымен бөліседі.

Мұндай салтанатты шара әлеуметтік желілерде де кеңінен көрсетіліп, көпшіліктің қызығушылығын туғызып жүр. Дегенмен «жаңа дәстүрге» деген көзқарас әртүрлі. Бір тарап оны өмірге қуанышты сәттер сыйлайтын жағымды үрдіс деп есептесе, екінші тарап оны ысырапшылықтың белгісі ретінде қабылдайды.

Қазір жастар арасында gender party қажетті әрі қызықты іс-шара ретінде танымал. Болашақ ата-ана үшін бұл оқиға үлкен эмоционалды мәнге ие: бала куту процесіндегі маңызды белестердің бірі. Әрине, осы ерекше сәтті қуанышпен атап өту арқылы олар өз сезімдерін жақындарымен бөліседі, бір-бірімен байланысты тереңдетеді. Психологтардың айтуынша, болашақ баланың жынысын жариялау ата-анаға ерекше бір моральдық күш береді, өйткені бұл олардың болашақ рөліне дайындалуына көмектеседі.

Сонымен қатар gender party — бұл тек ата-ана мен жақындардың емес, бүкіл қоғамның бір сәттік көңіл көтеруінің жаңа түрі. Әлеуметтік желіде бала арқылы

контент жасап, оқырман жинап жүрген жас ата-ананы жиі кездестіреміз.

Екінші жағынан, бұл дәстүрге сын көзбен қараушылар да жоқ емес. Олар gender party-ді бір жағынан «керексіз және босқа шығындалу» ретінде қарастырады. Әдетте бұл мереке сәнді тойға ұқсайды: қымбат торт, көркем декорациялар, арнайы қонақтар шақырылып, бейнероликтер түсіріледі.

Осыған орай көптеген адам бұл ысырапшылыққа жататынын айтып, ақша мен уақытты осындай шараларға жұмсаудың орнына, сол қаржыны баланың денсаулығы мен болашағына бағыттаған дұрыс деп ойлайды.

Дана халқымыз бала дүниеге келген соң тіл-көзден сақтап, қыркынан шыққанға дейін өзге жанға көрсетпеген. Мұның да астарында баланың әлі де әлсіз денсаулығына деген алаңдаушылық



пен сақтық барын аңғарсақ болады.

Баланың дүниеге келуі — әр ата-ана үшін қуанышты оқиға. Бұл кезеңде ата-ана болашақ сәбидің жынысына емес, денсаулығына, тәрбиесіне, оны қалай жақсы адам етіп өсіру керектігіне мән беруі керек.

Бұл мәселе ислам діні тұрғысынан қарағанда да белгілі бір маңызға ие. Исламда жалпы ысырапшылық үлкен күнә саналады. Алланың берген байлығын орынсыз жұмсау немесе оны тек дүниелік рахат үшін пайдалану мұсылмандық

көзқараста дұрыс емес. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистерінде адам баласы болашаққа тек Аллаға сенім артып, сабырлық танытуы керектігі айтылған. Осыған байланысты мұсылмандар арасында gender party өткізудің артықшылығы күмән туғызуы мүмкін. Ислам дінінде баланың жынысын алдын ала анықтау туралы нақты тыйым жоқ, дегенмен барлық жағдайда ысырапшылықты болдырмау қажеттілігі қатаң ескертіледі. Сол себепті де, мұндай шараларды өткізу кезінде қарапайымдылық пен шектен шықпау маңызды қағида болуы тиіс.

Gender party — заманауи мәдениеттегі жаңа ағымның бірі болғанымен, оны өткізу туралы шешім қабылдағанда әрбір отбасы жеке көзқарастар мен құндылықтарды ескеруі керек.

Осындай заманауи үрдістердің қайсысы қажет, қайсысы артық екенін анықтау — әрбір отбасының өз таңдауы, бірақ кез келген шешім қабылдағанда құндылықтарға, дәстүрлерге және сенімге сай әрекет ету маңызды.

Ал сіздің бұл жаңашыл дәстүрге деген көзқарасыңыз қандай, құрметті оқырман?

Қорлан САРЫ